

**Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2014 жылғы 29 мамырдағы
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол
қою туралы ұсыныс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 937 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2014 жылғы 29 мамырдағы
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол
қою туралы ұсыныс енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Жоба

**2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа
өзгеріс енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше
мемлекеттер

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 115-
бабын басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 10-
бабының 2-тармағындағы "басшылары" деген сөзден кейін "не, егер өз мемлекетінің
заңнамасына сәйкес оларға Жоғары кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде
шешімдер қабылдауға өкілеттіктер берілсе, мүше мемлекеттер үкіметтерінің
басшылары" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап

Осы Хаттама мүше мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік
рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий
дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

201 _ жылғы " _ " _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа
данада жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін	Беларусь Республикасы үшін	Қазақстан Республикасы үшін	Қырғыз Республикасы үшін	Ресей Федерациясы үшін
---------------------------------	----------------------------------	-----------------------------------	--------------------------------	------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК